

#18-19

(993-994)

28 маусым

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



[@jasqazaqnews](#)

[vk.com.jasqazaq](#)

[Jasqazaq](#)

[Жас қазақ](#)

[jasqazaq.kz](#)

[jasqazaqkz](#)

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

*Мерейлі  
мерекелмен,  
әріптестер!*

✓ BRENT \$85.36

✓ USD 464,3 T

✓ EUR 497 T

✓ RUB 5.15 T

**19 МАУСЫМДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ. ҰЗАҚ УАҚЫТ ТАЛҚЫЛАНЫП, ӘБДЕН ЕЛЕКТЕН ӨТКЕН ЗАҢДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС-ЖАҢАЛЫҚТАР БАР? ТӨЛ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ОСЫҒАН АЗ-КЕМ ТОҚТАЛА КЕТЕЙІК.**

\* БАҚ-тың өз қызметін өзі реттеу мақсатында Заңда қоғамдық-кәсіптік кеңестер құру көзделген. Кеңестер республикалық және өңірлік деңгейлерде құрылуы

# «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ. АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕР

«**М**асс-медиа туралы» заң Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің мүдделерін, қоғамның сұраныстарын және медиа саласының даму үрдістерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау туралы берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Жаңа заңға «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңдардың негізгі ережелері енді. Бұл заңдар алдағы уақытта күшін жояды.

Жаңа заңда бірқатар тың ережелер қарастырылған.

\* Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, интернет-ресурстарды да қамтитын «масс-медиа» деген жаңа әрі анағұрлым кең ұғым енгізілді.

\* Мемлекеттік ақпараттық саясат жүзеге асырылатын Бірыңғай медиа платформа құру көзделген. Оның ішінде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру, аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы (аккредитация карталарын берудің автоматтандырылған процесі) журналистерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тіркеу және басқа да міндеттер қарастырылған.

\* Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Журналистің құқықтары мен бостандықтарының



қорғалуын, олардың ақпарат іздеу, сұрату, алу және тарату кезіндегі, сондай-ақ «Масс-медиа туралы» заңда белгіленген өзге де ерекше құқықтарын журналист мәртебесі деп түсіну керек.

\* Шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығару туралы БАҚ-қа талап қою мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтер жарияланған күннен бастап 1 жыл деп белгіленген (бұрын мұндай мерзім жоқ еді).

\* Шетелдік БАҚ өкілдіктері мен олардың журналистерін аккредиттеу тәртібі жетілдірілді.

\* БАҚ сұратуын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Бұл журналистерге қажетті ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

мүмкін. Кеңестердің негізгі қызметі – Журналистердің әдеп кодексін әзірлеу.

\* Гранттық қаржыландыруды енгізу арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктері жетілдірілді.

\* Ұлттық теле-радио хабарларын тарату мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік тілдегі отандық теле-радио бағдарламалардың апта сайынғы көлемі 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайтылды.

\* Отандық теле-радио арналарда шетелдік теле-радио бағдарламаларын ретрансляциялау көлемі 20 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетілді.

\* Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттайтын ақпаратты, өзін-өзі өлтірудің жолдары мен оған үндейтін ақпаратты таратуға және (немесе) жариялауға тыйым салынады.

## ӨТКЕН АПТАДА КИЕВТЕ ТҰРАТЫН БЛОГЕР АЙДОС САДЫҚОВҚА ҚАЗАҚСТАН БИЛІГІ ТАРАПЫНАН ҚАСТАНДЫҚ ЖАСАЛДЫ ДЕГЕН АҚПАРАТ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ЛЕЗДЕ ТАРАП КЕТТІ. МӘСЕЛЕНІҢ БАЙЫБЫНА БАРУ ҮШІН БҰЛ КҮНДЕРІ ОҚИҒАНЫҢ ҚАЛАЙ ӨРБИГЕНІНЕ ТОҚТАЛА КЕТКЕЙІК.

Украина астанасының орталығында Ярмола көшесінде белгісіз біреу ерлі-зайыпты Садықовтар отырған көлікке оқ атады. Оқ Садықовтың басына тиген көрінеді. Логикалық тұрғыдан екеуіне қастандық жасалуы тиіс, бірақ әйелі Наталья дін аман...

Украина билігі мен Натальяның уәждері бір-бірімен қабыспайды. Украина полициясы тоқтап тұрған

Ал 20 маусымда Украина бас прокурорының кеңесі осы қастандыққа байланысты екі қазақстандық – М.Қаратаев пен А.Жақанбаевтың күдікке ілінгенін хабарлады. Хабарламада күдіктілердің бүкіл іс-қимылы, мекен-жайы, сатып алған көлігі, телефон нөмірлері, қару-жарағына дейін тәптіштелген. Тіпті олардың қаруды қай жерде тастап кеткені де айтылады.

Шындығында украин құқық қорғау органдарының мәліметті осылай жылдам жинауы таң қалдырады. Олар әу бастан әлгі екеуінің соңынан аңдып жүргендей әсер қалдырады. 21 маусымда күдіктілерге халықаралық іздеу жариялап тастады.

21 маусымда еліміздің Бас прокуратурасы сотқа дейінгі тергеу жүргізуді бастады. Жедел тергеу тобы құрылды. Қадағалаушы орган қылмыстық істі тергеу

# АРАНДАТУ АНАТОМИЯСЫ

мәшинеге дәлдеп атқан адам бой тасалады десе, Наталья көлік жүріп бара жатқанда оқ атылды дейді. Наталья мергенді бір көргеннен «кәсіби» деп бағалапты.


Қастандықтан кейін бір сағат өте сала ондаған БАҚ («Настоящее Время», «Страна.УА», «Украина Сейчас», «Киев 24» және басқалар) журналистері оқиға орнына келе қалады. Наталья дереу оқиғаға баға беріп, тіпті кінәлілердің атын атап, түсін түстеп тастайды.

Содан кейін ол әлеуметтік желіде Айдостың ахуалын баяндап, аяныш туыратын пост жариялады. Кейін қолдау жинап алған соң, мәтінді өңдейді де, Қазақстан билігін беталды кінәлауға көшеді. Бұл арада ескеретін бір жәйт бар: жаралы Садықовтың суреті де, бейнежазбасы да еш жерде жарияланбады.

19 маусым күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тасқынға қарсы күресте белсенділік танытқандарды марапаттау барысында, протоколдан тыс осы қастандыққа қатысты пікір білдірді. Мемлекет басшысы қазіргі Қазақстанда кез келген түйткіл заң шеңберінде ғана шешілетінін айтты. Саяси көзқарасына қарамастан, барлық азамат заңмен қорғалады.

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Қасым-Жомарт Тоқаевтың Садықовтар отбасының контенті бар екенін тіпті де білмейтінін, өйткені елімізде мұндай каналдардың жүздеп артылатынын жеткізді.

Сол күні Наталья балаларымен Украина билігі тарапынан қорғауға алынғанын, Қазақстаннан ешқандай көмек қажет емес екенін мәлімдеп, тағы да біздің билікке кінәні үйіп-төкті.



барысын айрықша бақылауға алды. Айтпақшы, А.Жақанбаевтың өз аяғымен келіп, түсініктеме бергені хабарланды.

Сонымен оқиғаның бұлай өрбуі және Қазақстан билігіне жылдам кінә артылуы жоспарланған саяси әрекетке меңзейді. Бұл іске өз елінде айыпталып, іздеу жарияланған Садықовтардың тартылуы да тегін емес.

Біздің тарапымыздан оқиғаға байсалды түрде бірден үн қатып, әр ақпаратқа дәлелді уәжбен жауап беруде.

Қалай болғанда да, елімізге қарсы кең ауқымды ақпараттық шабуыл басталған сияқты. БАҚ пен әлеуметтік желіде дәлелсіз ақпараттың жылдам таратып, оны дабыраға айналдырып жатқанының астарында үлкен геосаяси ойынның құлағы қылтияды.

**ҚАЗІР ҰМЫТЫЛА  
БАСТАҒАН «АҚМЫЛТЫҚ  
ЖУРНАЛИСТ» ДЕГЕН  
ТЕҢЕУГЕ ТӨЛЕН ӘБДЕН  
ЛАЙЫҚ. ТІЛШІНІҢ ҚАРУЫ  
ҚАЛАМ ДЕСЕК, НЫСАНАҒА  
ДӨП ТИЕТІН ОҒЫ – КӘДІМГІ  
ҚАРА СӨЗ. «ТИСЕ – ТЕРЕККЕ,  
ТИМЕСЕ – БҰТАҚҚА»  
ДЕП АЙДАЛАҒА ЛАҒЫП  
КЕТЕТІН БЕТАЛДЫ БӨСПЕЛІК  
(ПОПУЛИЗМ) ЕМЕС.  
ТҮЙТКІЛДІ ТАП БАСАТЫН,  
КЕМ-КЕТІКТІ ЖӨНГЕ  
САЛАТЫН, КӘСІБИ ӘДЕПТЕН  
ОЗБАЙТЫН, ТЕРЕҢНЕН  
ҚОЗҒАЙТЫН ПАЙЫМДЫ  
ДА ПӘТУАЛЫ ПІКІР. ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚ МЕДИАСЫНА ӨТЕ-  
МӨТЕ ҚАЖЕТ ҚАСИЕТ.**

**А**лдағы жылы жиырмаға толатын «Jas Qazaq» газетінің тарихы Төлен Тілеубаймен тығыз байланысты. Он бір жыл бойы газеттің Елордадағы меншікті тілшісі болды. Түрлі тақырыптарды қозғап, барлық жанрды қамтыды. «Болдым, толдым» деп, таптауырын, көне сүрлеуден шыға алмайтын қайсыбір қаламдастарының қатарын молайтпай, заманауи баспасөздің қыры-сырын меңгерді. Бүгінгі тілмен айтқанда, креативті трендті (үрдіс) тізгіндеді. Бұл көп өтпей, өз жемісін берді. Газетімізде жедел (блиц) – сұхбатпен жарқ етіп көрінді. Тың тәсілдің ерекшелігі мынада: сол күнгі өзекті һәм көкейкесті мәселеге орай кейіпкерге бір, ары кетсе, екі сұрақ қойып, нақты әрі тұшымды жауап алу. Интернет өмірге дендеп енгелі оқырманға де керегі осы. Қысқа да нұсқа дүние оқуға құмар.



# « J A S Q A Z A Q » Г А З Е Т І Н І Ң Ж А М П О З Ы

Рас, ол тек шағын дүние жазумен шектелген жоқ. Ұлт зиялылары, лауазымды тұлғалармен тілдесті. Көркем сөздің хас шебері, классик-жазушы Әбіш Кекілбайұлымен ел Тәуелсіздігін бағалай білуге арналған әңгімесі басылымның мерейін өсірген шоқтығы биік дүниеге айналды. Саңлақ суреткермен сол сыр сұхбат оқырманның сұрауы бойынша кейін қайта жарияланды. Астанадағы министрлер мен депутаттар, әкімдер мен түрлі деңгейдегі шенеуніктер арасында басылым беделінің артуына, танымал болуында тілшіміздің еңбегі зор. Имекең (Иманғали Тасмағамбетов) Елорда әкімдігін басқарып тұрғанда сол еңбегі еленіп, жас журналист баспаналы болды.

Қаламынан шыққан дүниені қалт жібермей оқитын Алматыдағы әріптестері оны «Jas Qazaq-тың Жампозы» деп атайтын.

Жазған мақаласын жауапты орындар ескеріп, тиісті шешім қабылданып жатса, тілшінің еңбегі жанғаны, төккен тері өтелгені. Бұл жағынан да біздің кейіпкеріміз озық тұр. Ол адам саудасы мен құлдыққа қарсы күрес мәселесін көтеріп, бірнеше мақала жариялады. Қоғамға қауіп төндірген зиянды құбылысқа тосқауыл қою қажеттігін айтып, «Ақ Жол Қазақстан» басылымы және қазір шеф-редакторлық қызметін абыроймен атқарып жүрген «Astana aqshamy» газетінде ұдайы жазып отырды.

Басылым бетіндегі дабылға құзырлы орындар құлақ асты. Адам саудасы мен тірі тауарға

қарсы күреске бағытталған шешім жоғары деңгейде қабылданды. Журналшы Наурызды жаңаша тойлау, Ұлттық баспасөз күнін белгілеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу, табиғат қорғау және браконьерлікке қарсы күрес, жеңілдетілген ипотекамен баспана алу тақырыптары бойынша зерделі зерттеу, толымды талдау жасады. Ойлы журналистің ұтымды ұсыныстары да назардан тыс қалмай, тиісті құжаттар дүниеге келді.

Төлен Тілеубай - журналист, публицист һәм жазушы. Қаламгердің «Жаңа Астанаға қош келдің, қазақ жасы!» атты тұңғыш фантастикалық туындысы, «Ақбөкен жылаған түн», «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» атты әңгімелері баспасөзде, интернет басылымдарда жарияланып, оқырманның жақсы бағасын алды. Сондай-ақ «Аласапыран Америка» (жолсапар очеркі), «Тәуелсіздік – Тұмарым», «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі» атты кітаптардың авторы. Соңғысына айрықша тоқталған абзал. Өйткені қазіргі басылымдардың жай-күйі,

беталысын баяндайтын зерттеу ілуде бір кезедеседі. Оқулыққа парапар мұндай дүние, әсіресе, журналистика факультетіндегі ұстаздар мен болашақ тілшілерге таптырмайтын құрал.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Журналистика» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп, алып ақпарат айдынына бет алған қарымды қаламгер шығармашылық қызметінде зор жетістікке жетті, көптеген сыйлық пен атақты

иемденді. Солардың арасынан 2003 жылы VI «ШАБЫТ-2003» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің «Журналистика» номинациясы бойынша Бас жүлде иегері және «Әдебиет» номинациясы бойынша дипломанты, «Аманат Медиа сыйлығы — 2023» республикалық байқауында «Еліміздегі реформалар туралы үздік материал» номинациясы бойынша лауреат атанғанын айрықша атап өткіміз келеді.

Ширек ғасырдан бері қазақ баспасөзіне қалтқысыз қызмет, етіп келе отандық медианы өрге сүйреп жүрген әріптесіміз Төлен Тілеубай ердің жасы 50-ге келіп отыр. «Jas Qazaq» газетінің ұжымы мерейтойын иесін құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, шығармашылық қызметінде сарқылмас шабыт тілейді. Жазар көбейсін, «Jas Qazaq-тың Жампозы»!

«Jas Qazaq» газеті



**ПОЛИЦИЯ МАЙОРЫ АЗИЯ ӘУБӘКІРОВАНЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚИТЫН ЕКІ ҰЛЫ АҢСАР МЕН САНЖАР КҮНДЕ ҮЙІНЕ КЕЛГЕНДЕ ОСЫ СҰРАҚПЕН ҚАРСЫ АЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ АНАСЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА ИНСПЕКТОРЫ ӘРІ КҮШТЕР МЕН ҚҰРАЛДАРДЫ БАСҚАРУ ТОБЫНЫҢ КЕЗЕКШІСІ.**

әдетте тыныш – жұмысқа асыққан немесе күнделікті күйбеңімен жүрген адамдар. Бұл мезгілде негізгі мәселе – тек көшелердегі кептеліс қана.

Бірте-бірте жұмыс қарқыны артады: шақыртулар, қоңыраулар



## «АНАШЫМ, БҮГІН ҚАНША ҚЫЛМЫСКЕР ҰСТАДЫҢ?»

түсе бастайды. Мәселен, тұрғылықты жерін ұмытып қалған әжей туралы қоңырау шалынды. Патрульдік полиция дереу жетіп, оның қалтасынан мекен-жайы жазылған қағазды тауып алып, үйіне жеткізіп салды.

Жолдағы апаттар туралы қоңырау көп. Жазда электр самокатын тізгіндеген жасөспірімдер туралы өтініш көбейеді. Алаяқтық туралы өтінішсіз өтетін күндер некен-саяқ.

Алаяқтардың арбауына түсіп қалмау үшін не істеу керек? деген сұраққа Азияның беретін жауабы біреу ғана: «Қоңырау шалған бейтаныс адамдармен әңгімелеспеу керек!»

Тағы да телефон шырылдады. Телефонның арғы жағындағы адам бір топ жігіт күмән тудырғанын айтты, есірткі жасырылған жерді іздеп жүргенге ұқсатыпты. Бірақ олар да бірдеңе сезді ме екен, дереу табандарын жалтыратып үлгерді. «Қайтып келсе не істеу керек?» – дейді сымның екінші жағындағы дауыс. «Дереу «102»-ге

**Б**ұл топ – полиция жұмысының аса жауапты негізгі буыны. 24/7 кезекшілік барысында инспекторлар әр түрлі жағдайға байланысты шешім қабылдайды, оқиға орнына наряд жібереді, шақыру бойынша

жұмыс істейтін қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасайды.

Азияның жұмыс күні сағат 8.00-де басталады. Содан бастап ол тәулік бойы қаланың қайнаған тіршілігінің бір бөлігіне айналады. Таңғы уақыт

хабарласыңыз, наряд жіберіледі», – деп жауап берді Азия.

Кешкі уақыт – ең қарбалас кезең. Анықтама алу үшін хабарласқандарды есептемегенде, ұрлық, бұзақылық, жанжал туралы қоңыраулардан бас көтеру мүмкін емес. Жаз келіп, күн ысығалы түнгі шиеленіс көбейе түсті. Түнімен «мереке» ұйымдастыратындар қалалықтардың терезелерін ашып ұйықтайтынын ескермейді. Сондықтан тыныштықты бұзу туралы өтініштер саны күрт көбейді. Таң алдында ғана жұмыс аздап саябырсыды.

«Әрине, кезекшілікке көп күш-қуат кетеді. Бірақ өз басым басқа жұмысты елестете алмаймын. Жұмыс барысында мен минут сайын өзгелерге жақсылық жасағандай сезінемін», – дейді Азия.

ата-анасы қуанышпен қабыл алды дей алмаспыз. Бүгінде Тимирияев ауданында тұратын зейнеткер әкешесі қызының бұл таңдауына қарсы болмаса да, ақырын жүріп, анық басуы керектігін, жұмыс қиын болатынын, үйдің бетін сирек көретінін ескертсе керек. Әрі олардың тұқым-жұрағатында полицей болмағандықтан, барлық туыстары таңданыстарын жасырмапты.

«Бүгінде әкемнің айтқаны келді: шынымен де үйде болмаймын, – деп күледі Азия. – Бірақ жұбайым



инспекцияда жұмыс істеген Азия тағы да бала тәрбиесімен кезіккеніне көңілі толмай, екі жылдан кейін іші пыса бастағанын жасырмады. «Маған қайнап жатқан қызғылықты жұмыс керек. Сондықтан жедел басқару орталығына ауыстым. Қылмыстарды ізін суытпай ашқанымыздан ләззат аламын. Тіпті еңбек демалысында да үйде отыра алмаймын, ішім пысады. Тезірек жұмысқа шыққым келіп тұрады», – деп ағынан жарылды Азия Сайлауқызы. Келесі жылы зейнет демалысына шығуына болады. Бірақ талдырмаш келіншек демалғысы жоқ: шамасы келгенше жұмыс істей бермекші.

2019 жылдың қараша айында күштер мен құралдарды басқару тобының аға инспекторы болып келген кезде Азия Петропавл полициясының тарихындағы алғашқы әйел полицей болғанын атап өткен жөн.

Таңғы 8-де, жұрт өз жұмыстарына асығып бара жатқан кезде, полиция майоры Азия кезекшілікті тапсырып, үйіне қарай аяңдайды. Өз шаңырағында ол әр әйелге тән үй шаруасымен айналысады. Азия Сайлауқызын үйінде «Анашым, бүгін неше қылмыскер ұстадың?» дейтін сұрақпен қос ұлы – қос қанаты қарсы алады.



Айтқандай, Азия – алғашқы жоғары білімі бойынша география пәнінің мұғалімі. Осы мамандық бойынша 2 жыл жұмыс істегеннен кейін, ол ұстаздық етуден жалығып, басқа қызықты салаға қарай ойысуды армандайды. Сол үшін 2003 жылы Солтүстік Қазақстан Заң академиясына оқуға түсіп, заңгер-бакалавр мамандығын алып шыққан соң, тәртіп сақшыларының қатарына қосылды. Бұл бастамасын

өзі де бұрын полиция қызметкері болғандықтан, менің жұмысым ауыр екенін өте жақсы түсінеді. Бүгінде ол зейнет демалысында. Екі ұлдың тәрбиесімен өзі айналысады: мектепке, жаттығуға өзі апарады, үй тапсырмасын бірге орындайды. Мен кезекшіліктен келгенде тынығып алуым үшін балаларды далаға шығарады».

Бастапқыда жасы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі

**Роза ШӘКЕНОВА,**  
Солтүстік Қазақстан облысы

**ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ҮЗДІКСІЗ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ. БҰЛ ОРАЙДА ЖАТ АҒЫМНЫҢ ШЫРМАУЫНА ТҮСІП, АДАСҚАН ЖАНДАРДЫ ОҢАЛТУ ЖҰМЫСЫ ДА ШЕТ ҚАЛМАУЫ ТИІС. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ «КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ДӘЛ ОСЫ МАҚСАТТА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫ ЭКСТРЕМИСТІК ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ШЫРМАУЫНА ТҮСІП, ЗАРДАП ШЕККЕН ЖАНДАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ.**

сотталушылармен жұмыс істейтін бөлек теологтар бар.

«Мамандарымыз араб тіліне өте сауатты. Араб тілін білмесе, жат ағымның шырмауында жүргендермен сөйлесе алмайды. Жалпы теолог мамандар жан-жақты болуы керек. Қазір мен өзім ислам дінінен бөлек, католик, православ діндеріндегі ағымдарды зерттеп жатырмын. Олардың ішінде де бірнеше ағымдар бар. Зерттеген сайын тереңдей бересің. Жыл басынан бері бірқатар теріс діни

# АДАСҚАНЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ, ҚАЙТА ҮЙІРІН ТАПҚАН СОҢ...

*немесе Алматыдағы «Кеңес беру және оңалту орталығы» қалай жұмыс істейді?*

«Кеңес беру және оңалту орталығының» басшысы Руслан Қайыргелдінің айтуынша, басты міндет – теріс пиғылды діни ағымға шырмалған әрбір адаммен жеке жұмыс жүргізу, оларды қоғамға бейімдеу.

«Біздегі білікті де білімді мамандардың арқасында теріс пиғылды діни ағымға қарсы күрес жан-жақты жүргізіледі. Қазіргі таңда ақпараттық соғыс өршіп тұрғаны белгілі. Атын айтпай-ақ қояйын,

көрші мемлекетте екі діни басқарма бар. Бұл екі басқарма бір-біріне қарама-қарсы әрекет жасайды. Ондай бөлінудің мақсаты – екі топты бір-бірімен араздастыру. Ортақ мәмілеге келтірмеу. Ал бізде дін саясаты бір ізге қойылған. Елімізде исламдық бағыттағы тек бір ғана діни басқарма бар, яғни бізде дін мәселесі дұрыс жолға қойылған», – дейді ол.

Орталық Алматы қаласы бойынша бір жыл ішінде 1000 – 1300-ден астам адаммен жұмыс істепті. Мұндағы теолог мамандар қазақ, орыс тілдерінен бөлек, араб тілін жетік меңгерген. Олар теріс діни ағымның жетегінде кеткен адамдармен жеке-жеке жұмыс істейді. Әйел адамдармен жұмыс істейтін теолог, психолог мамандар бар. Дәл сол сияқты ерлермен де жеке жұмыс жүргізетін мамандар бар. Оған қоса, түрмедегі



ағымның жетегінде кеткендердің бетін бері қайтардық», – деді Руслан Қайыргелді сөзін жалғап.

Руслан Қайыргелдінің айтуынша, теріс діни ағымға арбалған жандармен жүйелі жұмыс істеп, бірнеше рет кездескеннен кейін барып олардың беті бері қарайды екен.

Біз осы орталықта ер адамдармен жұмыс істейтін теолог Бахтияр







Нармұхановты сөзге тарттық. Маман өзінің жұмыс барысы жайлы былай деп әңгімелейді:

«Бұл орталықта екі жылдан бері жұмыс істеймін. Алматыдағы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінен діни білім алдым. Біздің негізгі жұмысымыз, аты айтып тұрғандай, кеңес беру және оңалту. Бұл араға дін туралы білгісі келген, немесе экстремистік ағымдардың рабауына түсіп қалған адамдар келеді. Олардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргіземіз. Кейбіреуіне дәстүрлі дінді түсіндіру керек болса, кейбірін теріс пиғылды діни ағымның арбауынан құтқарып, дұрыс жолға саламыз. Мақсатымыз – азаматтарды оңалтып, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру», – деді теолог.

Бахтияр Нармұхановтың айтуынша, ағымға арбалғандардың қай деңгейде екені сұхбаттасу барысында анықталады.

Маман теріс пиғылды ағымға үндейтіндерден барынша сақ болуға шақырады. Бұл ретте ол: «Көбінесе жастарымыз теріс ағымға діни сауаттың жоқтығынан кіреді. Ғаламторда экстремистік ағымды насихаттайтын уағызшылардың видеосын көру арқылы арбалып жатқандар бар. Сондықтан әрбір адам тек ресми сайттардағы ұстаздарды тыңдағаны дұрыс», – деді.

Ал осы орталықта әйелдермен жұмыс істейтін теолог Назерке Жетпісбайқызы қыз-келіншектерді оңалту ісімен 6 жылдан бері айналысып келеді. Теолог өз жұмысындағы негізгі міндеттерге тоқталып өтті:

«Менің жұмысым экстремистік ағымдар ықпалындағы әйелдерге,

қыз-келіншектерге бағытталған. Мұның ішінде әр түрлі санаттағы – ажырасқан, көп балалы, жалғыз басты және «Жусан» гуманитарлық операциясы арқылы терроистік белсенді аймақтан оралған әйелдермен тікелей осы орталықта жұмыс жүргіземіз. Міндетіміз – әйелдерді қоғамға бейімдеу және оңалту. осында жеке

кездесулер, әр түрлі психологиялық кеңестер, заң тұрғысынан көмек беріледі. Әйелдерге қатысты тек



қана оңалту емес, қажет болған жағдайда басқа да көмек ұсынып, жан-жақты қолдау көрсетеміз. Теріс ағымға кірген келіншектерді анықтаудың жолы әр түрлі. Ең алдымен олардың ортасына, діни сеніміне қараймыз. Кейде олардың туыстары, аға-әпкелері, балаларымен қосымша жұмыс істейміз. Ең алдымен жекелеген оңалту жұмыстары, діни бағытта психологиялық жұмыс, міндетті түрде жүргізіледі», – деді Назерке Жетпісбайқызы.

Маманның айтуынша, қыз-келіншектермен жұмыс істеудің бірнеше форматы бар. Ең алдымен жеке кездеседі. Еркін форматта демалыс орны, кафе сынды жерлерге барып әңгімелеседі.

«Еркін форматта кездесетін орынды өзіміз ыңғайластырып, сол аралықта жекелеген кездесулер ұйымдастырып жатамыз. Кездесе алмасақ, бейнеқоңырау арқылы байланысқа шығамыз. Біз олармен мүмкіндігінше тығыз әрі сенімді байланыс орнатуға тырысамыз. Біз әйелдермен мейлінше ашық қарым-қатынас ұстаймыз. Соңғы кездері тауда серуендеу, бірге спорттық шаралар ұйымдастыру

сынды жұмыстарда ықпалды түрде нәтижесін беруде. Түрлі шеберлік сабақтарын, оқыту курстарын ұйымдастырдық. Мұндағы мақсат – оларды қоғамдық ортаға бейімдеу», – деді Назерке Жетпісбайқызы.

Маман нәзік жандардың жат ағымға ермеуі үшін не істеу керектігін айтып, кеңесімен бөлісті.

«Ең алдымен адам білімге, сауаттылыққа мән беруі қажет. Өйткені білімсіз, діннің іргетасынсыз адам дін ғана емес, басқа да теріс пиғылды іс-әрекеттерге бой алдыруы мүмкін. Әйелдерге қатысты «олар үйде отыруы керек, күйеуінің разылығын алып, намаз оқыса, жаннатқа барады» деген түсінік бар. Ал мұның астарында қаншама жауапкершілік бар. Әйел адам қаншама сынақтан өтеді. Әйел – үйдің ұйтқысы, шаңырақтың шайқалмауына басты себепкер де әйел. Әйел адамның сауатты болуы, адасқан ерінің соңынан еріп



кетпеуі де маңызды рөл ойнайды. Бүгінде дін мен психологияны араластырып, ақыл айтатындар бар. Сондықтан жөн-жосықсыз, керексіз ақпараттарға назар аудармай, нақты өзіне не керегін біліп барып, сол саланың нағыз маманына жүгінсе деймін. Қазір әлеуметтік желілердің барлығында ҚМДБ ресми парақшалары бар. Солар арқылы дінге қатысты сауалдарға жауап алуға болады», – деді Назерке Жетпісбайқызы.

Дін туралы білгісі келетіндерге де орталықтың есігі ашық. Кез келген адам өзін қызықтыратын дінге қатысты сауалдарына осы «Кеңес беру және оңалту орталығынан» жауап алуына болады.

**Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ**

**ОТАНДЫҚ ӨНЕРТАПҚЫШ, БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ, ҒАЛЫМЖАН ҒАБДРЕШОВ – ЗАҒИП ЖАНДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТТІ ДЫБЫСТЫҚ СИГНАЛДЫҢ КӨМЕГІМЕН КЕҢІСТІКТЕ ЕРКІН ҚОЗҒАЛЫП, АЙНАЛАДАҒЫ НЫСАНДАРДЫҢ ОРНЫН АНЫҚТАЙТЫН SEZUAL АППАРАТЫН ОЙЛАП ТАПТЫ.**

беріліп, жалған науқастардың 54 пайызы жойылды. Клиникалық хаттамалардың смарт жүйесінің арқасында пациенттердің өмір сүру деңгейі айтарлықтай артты. Кезінде бағдарламаны жүзеге асыруға

**Б**ұған дейін Ғалымжан Ғабдрешов 30-дан астам пайдалы жобалар әзірлеген және олардың барлығы бүгінде түрлі салада сәтті қолданылуда. Солардың ішіндегі ең өзекті және тиімділерінің бірі – ЭРОБ (онкологиялық қызметті басқару) бағдарламасы. Бұл бағдарламаны қолдана отырып, сыбайлас жемқорлық пен екіжүзділікке ауыр соққы

# SEZUAL АППАРАТЫ ЗАҒИП ЖАНДАРДЫҢ КӨРУІНЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ





Фото: aimaq09.kz

денсаулық сақтау министрі болған Салидат Қайырбекова тікелей ықпал етіп еді.

Ғалымның бұл аппаратты ойлап табуына не түрткі болды?

2017 жылы Ғалымжан Ғабдрешовтың абайсызда ыстық буға көзі күйіп, көз торы зақымданады. Дәрігерлер оның көзін сақтап қалғанымен, жанарынан айрылу қаупінің сейілмегенін айтады.

Жаны жаңалыққа құмар Ғалымжан көз жанарынан айырылған жағдайда, көру қабілетін жоғалтпау үшін балама көруді ғылыми іздестіре бастайды. «Мәселені шешу жолы оңай болмады, көп еңбекті қажет етті. Көп ізденудің арқасында, ақыры еңбегім нәтиже берді. Осылайша SEZUAL өнертабысым пайда болды», – дейді Ғалымжан Ғабдрешов.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) халықаралық сараптама мен әлемдік ғылыми қауымдастықтың шолуларына сүйене отырып, өнертабысқа ғылыми жаңалық мәртебесін беріп, оны толыққанды көруді алмастыратын балама деп атады. БҰҰ елдері ДЗМҰ-ның

қорытындысына сәйкес, бұл жобаға, адамзатты дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ең жоғары «WSA 2020» номинациясын берді. Сөйтіп, Қазақстан әлемдік ғылыми қоғамдастықтың ең жоғары бағасына ие болды. Ғылыми жаңалықтың орасан зор пайдасы болғанымен, жоба командасы оны жүзеге асыруға толыққанды қол жеткізе алмай отыр. Олар барлық жерде кедергілерге тап болуда. Тек Атырау қаласында «Теңізшевройл» компаниясынан қолдау тауып, жергілікті мұқтаж жандарға септігін тигізуде.

Жоба авторлары елімізде тәуелсіз зерттеу жүргізді.

Зерттеуге зағип жандардан басқа тифлопедагогтар, жоғары лауазымды адамдар, дәрігерлер және әртүрлі сарапшылар қатысты. Қатысушылар бөлмедегі нысандарды «көруге» мүмкіндік беретін биолокаторды сынады. Жобаның негізгі кейіпкері ретінде, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың тұрақты оқырманы – алматылық Жазира Мүлкибекованы таңдап алды. Жазира көз алмасы жоқ, мүлдем көрмейтін зағип жан. Ол өзіне көрсетілген барлық заттарды құрылғының көмегімен дәл анықтады. Тағы бір қатысушы арнайы тағайындалған қатардан белгілі бір орындықты биолокаторды қолдану арқылы нақ тауып жиналғандарды таң қалдырды. «Осылайша, зағип жандарға биолокатор көп көмек беретініне көз жеткізгеннен кейін, бұл санаттағы жандарға құрылғының судай қажет екені анық», – дейді Ғалымжанның әріптесі, әрі өнертапқыш Нұрбек Еңсебаев.

Биолокатордан басқа, ғалымдар зағип және нашар көретін жандарға

арналған басқа да өнертабыстар жасады. Брайль қаріпінде өздігінше қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқуға мүмкіндік беретін тамаша бағдарлама ойлап тапты. Бұл жаңа бағдарлама тифлопедагогтардың, оқушылар мен студенттердің жоғары бағасын алып, бүгінгі таңда Астана мен Атырау қалаларындағы арнайы мектеп-интернаттарының оқушылары пайдалануда. Оның үстіне бағдарлама Атыраудағы Қазақ зағиптар қоғамы мен зағиптар кітапханасына пайдалануға берілді. Өзіндік оқу барысында пайдаланушылар рекордтық уақыт ішінде керемет жетістікке жетуде. Олар туа біткен немесе бала кезінен көз жанарынан айрылған адамдар үшін ғана емес, сонымен қатар, жүре келе көру қабілетінен айырылған жандар үшін де өте қажет, өйткені ересек жаста саусақ ұшымен оқуды үйрену әлдеқайда қиын.

«Біздің өнертабысты мүмкіндігі шектеулі зағип азаматтар асыға күтуде. Неврология теориясына сәйкес, адам миы дыбыстың шағылысуын визуалды кескінге айналдырып, «көре» алады. Біз әлемде бірінші болып, іс жүзінде айтылған бағдарлама бойынша нәтижелерге қол жеткіздік және өз жобамызды Қазақстанда жүзеге асырғымыз келеді!» – деп түйіндейді ғалымдар.

Ғалымжан Ғабдрешов пен Нұрбек Еңсебаевтың ашқан жаңалықтары БАҚ-та жарияланған соң мәселе шешіліп, өнертабысы зағип жандарға жетеді деп үміттенеді.

**Захра МАХАНОВА,**  
«ЗНКААРК»  
РММ қызметкері,  
Әлем халықтары  
Жазушылар  
одағының  
мүшесі



# ТЕРЕЗЕДЕН ЖАРҚ ЕТКІЗГЕН ҚАС-ҚАҒЫМ...

МЫНА СУРЕТТИ АУЫЛҒА БАРҒАНДА ШЫРТ ЕТКІЗДІМ. ЕШҚАНДАЙ ФИЛЬТР, ОБРАБОТКА ЖАСАЛҒАН ЖОҚ. КӨЛІКТЕ КЕТІП БАРА ЖАТЫП ТЕРЕЗЕДЕН ЖАРҚ ЕТКІЗГЕНІМ, ЖАП-ЖАҚСЫ ШЫҒЫПТЫ. "ГЛУБИНА, ПЕРЕДНИЙ ПЛАН, КОНТРАСТ, СИММЕТРИЯ" ДЕГЕННІҢ БӘРІ САҚТАЛҒАН.

ЕГЕР ЕКІ СӨЙЛЕМНІҢ БАСЫН ҚҰРАП ЖАЗА АЛМАЙТЫН БОЛСАМ, ЖУРНАЛИСТ ЕМЕС, ФОТОГРАФ БОЛҒАНДАЙ ЕКЕНМІН ДЕП ӨЗ-ӨЗІМЕ СҮЙСІНІП ОТЫРМЫН.

**Диас НҰРАҚЫН**, журналист  
*Facebook парақшасынан*



## Бас редактор

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

## МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)